

«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ білім алушыларына сыбайлас жемқорлықты бағалау және қабылдау, білім беру қызметтерін ұсыну сапасы мәселелері бойынша сауалнама (өлеуметтік пікіртерім) жүргізу тәртібі туралы

## ЕРЕЖЕ



## ПОЛОЖЕНИЕ

о порядке проведения анкетирования (социологического опроса) обучающихся НАО «Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова» по вопросам оценки и восприятия коррупции, качества предоставления образовательных услуг

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан  
«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ  
НАО «Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова»

**«Академик Е. А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ білім алушыларына  
сыбайлас жемқорлықты бағалау және қабылдау,  
білім беру қызметтерін ұсыну сапасы мәселелері  
бойынша сауалнама (әлеуметтік пікіртерім)  
жүргізу тәртібі туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

\* \* \*

## **ПОЛОЖЕНИЕ**

**о порядке проведения анкетирования  
(социологического опроса) обучающихся  
НАО «Карагандинский университет  
имени академика Е. А. Букетова»  
по вопросам оценки и восприятия коррупции,  
качества предоставления образовательных услуг**

Қарағанды  
2022

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ білім алушыларына сыбайлас жемқорлықты бағалау және қабылдау, білім беру қызметтерін ұсыну сапасы мәселелері бойынша сауалнама (әлеуметтік пікіртерім) жүргізу тәртібі туралы Ереже = Положение о порядке проведения анкетирования (социологического опроса) обучающихся НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова» по вопросам оценки и восприятия коррупции, качества предоставления образовательных услуг. — Қарағанды: «Акад. Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2022. — 50 бет. — Қазақша – орысша.**

**© «Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ, 2022**

«БЕКІТЕМІН»



***«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»  
КЕАҚ білім алушыларына сыбайлас жемқорлықты бағалау  
және қабылдау, білім беру қызметтерін ұсыну сапасы  
мәселелері бойынша сауалнама (әлеуметтік пікіртерім)  
жүргізу тәртібі туралы***

**Е Р Е Ж Е**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі — Қоғам, Университет, ЖОО) Жарғысына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге, құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже университеттегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі істердің жай-күйін бағалау әдіс-тесімін пайдалану тәсілдерін регламенттейді және тұтынушылардың ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын бағалау тәртібін айқындайды.

1.3. Университет білім алушыларына сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі істердің жай-күйін және оқыту сапасын бағалауға мүмкіндік беру анонимді сауалнама және әлеуметтік пікіртерім (бұдан әрі — әлеум. пікіртерім) жүргізу нысанында мынадай сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады:

– Оқытудың барлық нысандары үшін оқу жылының аяқтауы бойынша жүргізілетін «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» (№ 1 қосымша);

– Емтихан сессияларының нәтижелері бойынша жылына 2 рет жүргізілетін «Оқытушы студенттердің көзімен» (*№ 2 қосымша*).

1.4. Анонимді сауалнама нысаны білім алушылар (*бакалаврлар, магистранттар және докторанттар*) болып табылады.

1.5. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы (*бұдан әрі — ПОҚ*), қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тұтынушылар болып табылады.

1.6. Сыртқы тұтынушыларға ата-аналар мен қамқоршылар, мемлекет, кәсіпорындар, ұйымдар, жеке тұлғалар жатады.

1.7. Тұтынушылардың ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын бағалау үшін:

– қанағаттануы бағаланатын процесті, өнімді немесе қызметті анықтау;

– тұтынушылар санатын анықтау;

– өнімнің, процестің тиісті көрсеткіштерін анықтау;

– сол көрсеткіштер негізінде сауалнама дайындау;

– зерттеу әдісін таңдау (мысалы, пікіртерім түріндегі зерттеу), сауалнама, пікіртерім нысанын бекіту, сауалнама жүргізетін тұлғаларды анықтау және т. б.;

– деректерді өңдеу әдістемесін таңдау қажет.

Тұтынушылардың қанағаттануы туралы ақпарат қызметтің қай бағытта және ақпараттың қалай қолданылатынын анықтайды.

1.8. Анонимді сауалнама барлық студенттік топтарда оқу аяқталғаннан кейін және белгілі бір оқу пәні бойынша бақылау сынақтарын оң тапсырғаннан кейін жүргізіледі.

1.9. Сұрақ-жауап (сауалнама) — белгілі бір қағидаларға сәйкес құрастырылған сұрақтар жүйесінің көмегімен ақпарат алу тәсілі.

1.10. Сұрақ-жауап (сауалнама) түрлері:

*респонденттер саны бойынша*

– жеке пікіртерім (бір респондент);

– топтық пікіртерім (бірнеше респонденттер);

*жаппай пікіртеріммен қамтудың толықтығы бойынша*

(100-ден 1000 респондентке дейін);

– жалпы (бірыңғай);

– таңдамалы (іріктемеден алынған пікіртерім)

*респондентпен қарым-қатынас түрі бойынша*

- тікелей пікіртерім (зерттеушінің қатысуымен — сұхбат);
- жанама пікіртерім (сырттай — телефон, интернет).

1.11. Анонимді сауалнама оған студенттік топтардың тізімдік құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысқан кезде жүргізілді деп есептеледі.

1.12. Анонимді сауалнаманы ұйымдастыру және өткізу университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Академиялық жұмыс департаментіне, Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаментіне, факультет декандарына жүктеледі.

1.13. Студенттердің оқытушылар туралы пікірлері олардың кәсібилік деңгейін анықтауда шешуші рөл атқармауы керек, бірақ олар өздерінің кәсіби өсуі мен көтермелену перспективасын анықтайтын жағдайларда маңызды болады.

## **2. Сауалнама жасауға қойылатын талаптар**

Сауалнама (пікіртерім парақтары) қатаң құрылымға ие және бірнеше бөліктен тұрады.

**Бірінші бөлік** — кіріспе. Ол респондентке тікелей қатысты. Онда зерттеудің мақсаты мен міндеттері туралы қысқаша айтылады, оның мәні, нәтижелері қалай қолданылатыны көрсетіледі. Сауалнаманы толтыру ережелері келтіріледі, жауаптардың құпиялылығына кепілдік беріледі.

**Екінші бөлік** — негізгі. Онда қажетті ақпаратты алуға бағытталған мәселелер бар. Сауалнама бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіндіктен, олардың әрқайсысы өз сұрақтар блогына сәйкес келуі керек. Қызығушылықты оятуға бағытталған қарапайым, «дәл» сұрақтар қою ұсынылады, респонденттерді сауалнаманы белсенді толтыруға бейімдеу керек. Бұл нақты жағдайлар, дәйексөздер бойынша сұрақтар болуы мүмкін. Содан кейін мотивацияны, пікірді, бағалауды анықтау үшін ең күрделі сұрақтар келтіріледі.

**Үшінші бөлікте** пікіртерім респонденттерінің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары анықталады: жынысы, отбасылық жағдайы, білімі, әлеуметтік шығу тегі, кәсібі, оқу немесе жұмыс орны.

Қорытындылай келе, респондентке сауалнаманы толтырғаны үшін алғыс білдіріледі (кейбір жағдайларда бұл кіріспе бөлімде жасалады).

### **3. Сауалнама (әлеуметтік пікіртерім) жүргізуге қойылатын талаптар:**

- зерттеу міндеттерін нақты анықтау;
- респондент ұғымына сәйкес тұжырымдардың қолжетімді болуы;
- сауалнама барысында әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас қағидаттарын сақтау;
- респонденттердің ерекшеліктері мен құзыреттілігін ескеру;
- респонденттердің жауаптарын анықтау дәлдігі;
- сауалнама шарттарын стандарттау;
- жалпы университет бойынша анық деректерді жинау, ұсыну.

### **4. Анонимді сауалнаманың (әлеуметтік пікіртерімнің) мақсаттары мен міндеттері**

4.1. Анонимді сауалнаманың (әлеуметтік пікіртерімнің) мақсаты оқытушылардың әдебін, олардың кәсібилік деңгейін, оқыту сапасын талдау және оқу процесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілерін, сондай-ақ білім алушылардың белгілі бір пәндерді оқу кезінде кездесетін проблемалық мәселелерін анықтау болып табылады. Оның ішінде:

- берілген параметрлер бойынша студенттердің кәсібилігін субъективті бағалау ерекшеліктерін анықтау;
- студенттер мен жұмыс берушілердің білім беру қызметтеріне қоятын талаптарын анықтау;
- оқу-білім беру процесінің сапасын бақылау;
- университеттің сыртқы және ішкі ортасының күшті және әлсіз жақтарын анықтау;
- білім беру сапасына, білім беру қызметтеріне, тіршілік әрекетіне және жоғары оқу орнының материалдық-техникалық жабдықталуына қанағаттанушылықты анықтау.

4.2. Анонимді сауалнаманың (әлеуметтік пікіртерімнің) міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес жөніндегі істердің жай-күйін сипаттайтын нақты деректерді талдау және бағалау;

- оқытушылардың әдебін талдау және пәндерді оқытудың сапалы деңгейін анықтау;

- нормативтік құқықтық актілер мен қолданыстағы заңнама шенберінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің және өзге де проблемалық мәселелердің кез келген түрін болдырмау жөніндегі нақты шараларды айқындау және іске асыру;

- «оқытушылар-студенттер» ортасында тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру;

- оқу процесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу;

- оқыту сапасын жақсарту.

Оқу процесінің сапасын қамтамасыз етудің озық тәжірибесін жинақтау және тарату.

## **5. Анонимді сауалнаманың (әлеуметтік пікіртерімнің) құралдары мен тетіктері**

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және оқыту сапасын арттыру құралы анонимді сауалнама болып табылады.

5.2. Анонимді сауалнама тетіктері университетті және білім алушылармен кері байланыс жүйесін дамыту мақсатына ие және бұл келесілерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- ақпарат алудың жоғары жеделдігі;

- құрылымдық және салыстырмалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін процедураны оңтайлы регламенттеу;

- алынған жауаптардың объективтілігі мен шынайылығын күшейтетін респонденттердің анонимділігі;

- жаппай пікіртерім жүргізуді және үлкен көлемдегі деректерді жинауды ұйымдастыру;

- сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін өңдеу рәсімдерінің аз еңбек сыйымдылығы;

- жауап алушы тұлғаның респонденттердің жұмысына әсер етуін болдырмау;

- сауалнама барысына бейнебақылауды пайдалану.

5.3. Анонимді сауалнама кезінде келесі фактілерді ескеру және қабылдау қажет:

- объективті баға алу үшін қажетті қолданыстағы әдістемелерге сәйкес пікіртерімге қатысушылардың талап етілетін қамтуын сақтаудың қиындығы;



- респонденттің сұрақтардың тұжырымдарын дұрыс түсінуін, сондай-ақ түсінбеушілік жағдайында респонденттің түсініктеме алуын бақылаудың мүмкін еместігі;

- респонденттердің ықтимал тәуелділігі;
- сұрақтарға жауап берудегі жіберіп алу жағдайлары;
- қиын сәттерді түсіндіру мүмкіндігінің болмауы.

## **6. Ақпарат жинау әдістері**

Ақпарат жинау әдістері — респонденттен ақпарат жинау құралы ретінде сұрақтардың арнайы ресімделген тізбесі — сауалнаманы пайдалана отырып, психологиялық вербалды-коммуникативтік әдіс.

Ақпарат жинау әдістері өзара байланысты 5 кезеңнен тұрады:

- сауалнама сұрақтарын дайындау;
- одан әрі өңдеуді қажет ететін, зерттеу барысында алынған бастапқы ақпаратты, жалпыланбаған деректерді жинауды қамтиды;

- жиналған ақпаратты өңдеуге дайындау және оны өңдеу;
- өңделген ақпараттың сандық көрсеткіштерін шығару;
- қорытындылар мен ұсыныстарды қамтитын зерттеу нәтижелерінің есебін дайындау.

## **7. Анонимді сауалнама (әлеуметтік пікіртерім) жүргізу тәртібі**

7.1. Студенттерге анонимді сауалнама жүргізуді және олардың нәтижелерін дайындауды Академиялық жұмыс департаменті, Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті, факультет декандары университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

7.2. Оқу тобы студенттерінің тізімдік құрамының кемінде 2/3 қатысуымен анонимді сауалнама (әлеум. пікіртерім) жүргізу үшін жауапкершілік университет факультеттерінің декандарына жүктеледі.

7.3. Анонимді сауалнама университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен бұйрық пен кестеге сәйкес бланкілік немесе электрондық нысанда жүргізіледі.

7.4. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» жеке анонимді сауалнамасында оқытушы тегінің (оқытушының әдеби, кәсібилік

деңгейі, оқыту әдістемесі, ақша, құндылықтар, мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түрінде табыс алу немесе өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де пайда алу бойынша) және «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасы сұрағында (*оқытушы баға үшін қызмет талап ете ме*) әрбір аталуға 1 балл беріледі.

7.5. Сауалнамаларды Академиялық жұмыс департаментінің және Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелді бағалау департаментінің қызметкерлері, факультет декандары университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып қарайды.

Сауалнамаларды өңдеу нәтижелері бойынша қорытындылары мен ұсынымдары бар статистикалық деректер мен талдамалық анықтама (есеп) одан әрі шаралар қабылдау үшін Қоғамның Басқарма Төрағасы — Ректорына ресми түрде енгізіледі.

## **8. Сауалнама (әлеуметтік пікіртерім) жүргізу кезеңіне қойылатын ұйымдастырушылық талаптар**

### **8.1. Сауалнамаға (әлеум. пікіртерімге) дайындық**

1) Жауапты қызметкер (лер) дің сауалнаманы дайындауы және жүргізуі.

2) Жауапты қызметкер (лер) дің міндеттері:

*Сауалнама (пікіртерім) тікелей жүргізілгенге дейін:*

- сауалнама (пікіртерім) жүргізу ережесін (әдістемесін), сондай-ақ сұрақ-жауап мәтінін өңдеуге арналған техникалық тапсырманы әзірлеу;

- объективті және сенімді ақпарат алу үшін қажетті зерттеу іріктемесін анықтау;

- пікіртерім іріктемесін қалыптастыру;

- барлық респонденттерге сауалнама жүргізу туралы ескерту;

- ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттаманы (бұйрық, сауалнама жүргізу жөніндегі ереже) электрондық (қағаздық) нысанда жіберу.

*Сауалнама жүргізу күні:*

- егер ЭЕМ қолданылса, өткізу орнының дайындығын тексеру: компьютерлік кабинеттердің және арнайы орнатылған бағдарламалардың болуы;

- ақпараттық технологиялар маманының компьютерлерге сауалнама бағдарламасын орнатуын қамтамасыз ету;

- ішкі тұтынушыларға сауалнама жүргізуді бақылау.

## **8.2. Сауалнама (пікіртерім) жүргізу жөніндегі іс-шаралар**

1) Сауалнама (пікіртерім) басталғанға дейін жауапты маман (дар) қатысушыларға зерттеудің міндеттері мен мақсаттарын қысқаша түсіндіріп, сауалнаманың маңыздылығын көрсетуі керек.

2) Респонденттердің сауалнаманың құпиялылығына ерекше назар аударуы қажет және сауалнаманы толтырғаннан кейін ондағы ақпарат өңделеді және тек толтырылған түрде пайдаланылады.

3) Әрбір респондент жауап мазмұны бойынша ешкіммен кеңеспестен сауалнаманы өз бетінше толтыруы керек екенін көрсету қажет.

Сонымен қатар, қатысушылардың сауалнама сұрақтарына жауаптарының объективтілігі мен дәлдігі сауалнама нәтижелері бойынша қорытындының дұрыстығына және олардың негізінде әзірленген ұсыныстардың тиімділігіне байланысты болады.

4) Сауалнаманы ұйымдастыруға жауапты маман (дар) әрбір сауалнама сұрақтарына жауап беруден бас тартқан жағдайға ерекше назар аударуы керек, сауалнаманың мақсатын қайта түсіндіруі, зерттеудің қоғамдық маңыздылығын көрсетуі, оның құпиялылығына баса назар аударуы тиіс.

5) Сауалнамамен жауапты мамансыз жұмыс істеуге жол берілмейді.

Егер сауалнама компьютерлік түрде жүргізілсе, онда жауапты маман сауалнамамен жұмыс істеу тәртібін қысқаша түсіндіруі керек.

## **8.3. Ақпаратты өңдеу және сауалнама (пікіртерім) нәтижелерін тұжырымдау**

Алынған ақпаратты өңдеу осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген тұлғалардың негізгі кезеңдеріне сәйкес компьютерлік техниканы пайдалана отырып жүзеге асырылады.

**Бірінші кезең.** Деректерді өңдеудің логикалық схемасын құру:

- ақпарат жинау үшін қажетті құжат түрін анықтау;
- оны кодтау әдісін құру;
- деректерді бақылау және қателерді түзету ережелерінің сипаттамасы;
- деректерді өңдеу тәртібі мен әдістерін анықтау;
- есептеу алгоритмдерін анықтау;

• өңдеу процесінде алынған деректердің сандық көрсеткіштерін қалыптастыру;

**Екінші кезең.** Статикалық сенімділікті қамтамасыз ететін зерттеу материалдарын өңдеуге арналған математикалық және бағдарламалық қамтамасыз ету.

**Үшінші кезең.** Бастапқы ақпараттың деректерін өңдеуге дайындық:

- сауалнама сұрақтарын белгілері бойынша топтастыру;
- топтастыруға сәйкес сұрақтарды жүйелеу және кодтау
- сауалнаманы толтырудың толықтығын тексеру;
- сынылған ақпараттың дұрыстығын тексеру;
- өңдеудің ыңғайлылығын тексеру, яғни ақпаратты жауаптарды өңдеу бағдарламасында оңай көрсететін көрініске келтіру;
- құжаттар массивін қалыптастыру.

**Төртінші кезең.** Ақпаратты өңдеу (орташа мәнді есептеу, корреляциялық байланысты анықтау, топтастыруды, кестелерді, графиктерді құру).

Сауалнама (пікіртерім) нәтижелері бойынша статистикалық ақпаратты өңдегеннен және алғаннан кейін анықтау мақсатында тиісті мәліметтер талданады:

• тұтынушылар мен мүдделі тараптардың қанағаттану деңгейі;

- өнімдер мен қызметтердің қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- процестердің, өнімдер мен қызметтердің сипаттамалары бойынша, оның ішінде жүргізілетін бағыттар мен мүмкіндіктер бойынша алдын алу шараларын қабылдау жөніндегі ақпарат;
- жеткізушілер туралы ақпарат.

Деректерді талдау мыналардан тұрады:

- деректерді (сауалнамалар) жинау;
- статистикалық әдістерді (диаграммалар, гистограммалар, орналастырулар және корреляциялық талдау диаграммалары) қолдана отырып талдау;
- қол жеткізілген нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстыру;
- баяндама жасау, талқылау және тиісті дәрежеде шешім қабылдау;

- университеттің барлық басқару деңгейлері мен құрылымдық бөлімшелерінде ақпарат тарату.

Сауалнама деректерін талдау нәтижелері Ғылыми кеңестің, Басқарманың отырыстарында және университеттің басқа да алаңдарында қаралады.

Ақпарат университет сайтына жіберіледі.

Сауалнама (пікіртерім) нәтижелері бойынша ұсынымдар түзету және алдын алу іс-шараларын жүргізу мақсатында университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар алған құрылымдық бөлімшелер түзету және алдын алу іс-шараларын жүргізеді.

## **9. Анонимді сауалнама нәтижелерімен жұмыс**

9.1. Анонимді сауалнама (әлеум. пікіртерім) қорытындысы бойынша Академиялық жұмыс департаменті мен Сапа және тәуекелдерді бағалау департаментінің қызметкерлері университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен бірлесіп, жоғары оқу орнында таратуға лайық озық тәжірибенің жетістіктері, профессор-оқытушылар құрамы қызметіндегі анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы анықтама (есеп), талдамалық және статистикалық материал әзірлейді.

9.2. Респонденттердің жақсы пікірлері мен оң бағаларын алған ПОҚ бойынша алдағы оқу жылында тиісті наградаға ұсыну, лауазымдық өсу бойынша ілгерілету, жалақыға ынталандырушы үстемеақы белгілеу жөнінде ұсынымдар шығарылады, сондай-ақ рейтингте ескеріледі.

9.3. Академиялық жұмыс департаменті және Сапа және тәуекелдерді бағалау департаменті университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен бірлесіп, құрамы кемінде 2/3 болуы тиіс университеттің Ғылыми кеңесінің, Басқармасының отырысында сауалнаманы (әлеум. пікіртерімді) қорытындылайды. Қажет болған жағдайда оқытушыларға қатысты шешімдерді талқылау және қабылдау үшін тиісті құрылымдық бөлімшелермен және комиссиялармен (жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссия және әдеп жөніндегі комиссия) бірлескен отырысқа жол беріледі.

9.4. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссия (немесе) әдеп жөніндегі комиссия талқылау және шешімдер қабылдау үшін ҚР Еңбек кодексінің, Қоғамның Жарғысын, Корпоративтік

әдеп кодексін, ұжымдық шартты, ПОҚ-пен еңбек шартын және сауалнама (әлеум. пікіртерім) нәтижелерін басшылыққа алады.

9.5. Теріс сипаттамалары бар анонимді сауалнамаларда және жиынтық балл саны арқылы аталған оқытушылар келесі санаттарға бөлінеді:

- біріншісі — сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан қоса алғанда 10 %-ға дейін аталу;

- екіншісі — 11 %-дан 20 %-ға дейін;

- үшіншісі — 21 % және одан жоғары.

9.6. Әдеп, ПОҚ-тың оқу-әдістемелік әлеуеті, сыбайлас жемқорлық көріністері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюға кафедра меңгерушісі, факультет деканы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және басқа да жауапты тұлғалар өз құзыреті шегінде жауапты болады.

9.7. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссия және (немесе) әдеп жөніндегі комиссия оқытушылардың аталған санаттарына қатысты мынадай шараларды қабылдайды:

- бірінші санатқа түскен тұлғалар бойынша тиісті алдын-алу жұмыстарын жүргізу үшін факультет декандарына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ресми ақпарат ұсынылады;

- екінші санатқа түскен тұлғалар бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ішкі нормативтік актілерге, оларды жыл ішінде жалақыға ынталандырушы үстемеақыдан немесе түрлі сыйлықақы төлемдерінен айыру, сондай-ақ оларды қызметтік наградаларға ұсынбау, лауазымы бойынша жоғарылатудан бас тарту, оқу жүктемесін төмендету туралы құжаттарға сәйкес университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына ресми ұсыныс енгізіледі, сондай-ақ ПОҚ рейтингінде ескеріледі;

- үшінші санатқа түскен тұлғалар бойынша оларды заңда белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттеу туралы ресми ұсыныс енгізіледі.

9.8. Жоғарыда аталған санаттарда болған оқытушылар нормативтік құқықтық актілердің, құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкес оқу сабақтарының мониторингіне жатады.

9.9. Университет білім алушыларының анонимді сауалнамасының (пікіртерімінің) нәтижелері оқу жылының соңында оқыту-

шылардың жеке жоспарларын орындау қорытындыларын шығару кезінде және оларды лауазымға кезекті сайлау кезінде міндетті түрде ескеріледі.

9.10. Университет факультеттерінің ОӘК «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнама нәтижелері бойынша оқытушыларға тиісті сертификат ала отырып, міндетті түрде біліктілікті арттыру курстарынан немесе тағылымдамадан өтуді ұсынуға құқылы (*әйтпесе келісімішартты үзуді немесе дәріс оқуға, ББЖ жетекшілігіне және т.б. рұқсат бермеуді ұсынады*).

9.11. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссия және әдеп жөніндегі комиссия сауалнама нәтижелері бойынша әдепті бұзу дәрежесіне қарай оқытушылармен профилактикалық әңгімелесулер ұйымдастырады, сондай-ақ оларды еңбек сипаттамасын беру кезінде және т.б. ескеруге құқылы.

## **10. Сауалнамаларды сақтау, жою (қағаз жеткізгіште)**

10.1. Сауалнамалар алдын ала қаралады, қабылдау мерзімдері бойынша салыстырылады, топтар бойынша тіркеледі, бастапқы өңдеуден өтеді. Сауалнамалар (қағаз жеткізгіштегі) сақтау мерзімі көрсетіле отырып, жоғары оқу орнының Сапа және тәуекелдерді бағалау департаментінде 1 жыл бойы сақталады. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін жойылады.

10.2. Электрондық нұсқасы компьютерде арнайы «сауалнама» папкасында сақталады, онда сауалнамаға қатысты барлық жазбалар (мысалы, ұйымдастыру жұмысы туралы жазбалар, есептер, презентациялар және т.б.) Excell, Microsoft Word түрінде сақталады.

Сақтауға және жоюға, таратуға университеттің Сапа және тәуекелдерді бағалау департаментінің басшысы жауапты болып табылады.

## № 1 қосымша

### «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» сауалнамасы

*Құрметті студент! Сіз қатысып отырған сауалнама (пікіртерім) университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған.*

*Сұрақтарды мұқият оқып шығыңыз және шәкіл бойынша өз бағаңызды беріңіз: 5 — жоғары деңгейде; 4 — жақсы деңгейде, 3 — қанағаттанарлық, 2 — қанағаттанарлықсыз. Сондай-ақ, университетте сыбайлас жемқорлықты анықтау және жою бойынша өз пікірлеріңізді жазу қажет.*

*Біз университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелерді зерттеп жатырмыз. Сіздің шынайы жауаптарыңыз бізге баға жетпес көмек көрсетеді. Зерттеудің құндылығы Сіздің жауабыңыздың толықтығы мен шынайылығына байланысты.*

*Оқу жылы мен нысанын, жасыңызды, жынысыңызды көрсетіңіз.*

*Құпиялылық пен анонимділікке толық кепілдік беріледі.*

*Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алдын ала алғыс айтамыз!*

№	Сапаны бағалау көрсеткіштерінің атауы	Жауаптар (жауап нұсқаларының бірін белгілеңіз)
1	<b>Сіздің ойыңызша, қайсысы сыбайлас жемқорлық ұғымын неғұрлым дәл сипаттайды?</b>	а) лауазымды тұлғалардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздері немесе үшінші тұлғалар үшін мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы; б) игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарды параға сатып алу; в) пайдакүнемдік мақсатта қажетті жеңілдіктер ұсыну; г) пайдакүнемдік мақсатта сеніп тапсы-



		<p>рылған билікті теріс пайдалану;</p> <p>д) пара беру немесе алу, пара берудегі делдалдық;</p> <p>е) басқа (жазыңыз)</p>
2	<b>Сіздің сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасыңыз қандай?</b>	<p>а) бұл өте ауыр жаза қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық;</p> <p>б) бұл біздің менталитетіміздің бір бөлшегіне айналған қажетті құбылыс;</p> <p>в) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға болады, бірақ оларсыз емтихан тапсыру қиынырақ;</p> <p>г) бұл құбылыс мемлекеттік аппаратты және мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзады, сондықтан оған қарсы тұру керек</p>
3	<b>Сыбайлас жемқорлықтың таралуының басты себебі неде?</b>	<p>а) заңнаманың жетілмегендігі;</p> <p>б) сыбайлас жемқорлықпен күресуге құлықсыздық;</p> <p>в) бақылаудың жеткіліксіздігі;</p> <p>г) құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік секторда адал және принципшіл адамдардың болмауы;</p> <p>д) басқа (жазыңыз)</p>
4	<b>Сыбайлас жемқорлықтың басты салдары қандай?</b>	<p>а) азаматтардың құқықтарының бұзылуы;</p> <p>б) әлеуметтік жіктелу;</p> <p>в) қылмыстың өсуі;</p> <p>г) азаматтардың мемлекетке деген сенімін жоғалтуы және соның салдарынан мемлекеттің негізін бұзуға әкелетін қоғамдағы құқықтық нигилизмнің орын алуы;</p> <p>д) экономикаға нұқсан келтіру;</p> <p>е) басқа (жазыңыз)</p>
5	<b>Сіз елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай шараларды мейлінше тиімді деп санайсыз (бірнеше жауап нұсқаларын таңдауға болады)?</b>	<p>а) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;</p> <p>б) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;</p> <p>в) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;</p> <p>г) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт-</p>

		<p>тарды қалыптастыру және сақтау;</p> <p>д) қаржылық бақылау;</p> <p>е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;</p> <p>ё) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;</p> <p>ж) кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары;</p> <p>з) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру;</p> <p>к) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама;</p> <p>л) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою</p>
6	Сіздің ойыңызша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмауға бола ма?	<p>иә/жоқ</p> <p>жауап беруге қиналамын</p>
7	2020–2021жж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР жаңа Заңын және оған түзетулерді қабылдауға Сіздің көзқарасыңыз қандай?	<p>а) иә, мақұлдаймын, бұл сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді;</p> <p>б) Заң және оған енгізілетін түзетулер сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне ешбір әсер етпейді;</p> <p>в) маған бәрібір, мен бұған қызықпаймын;</p> <p>г) бұл заң туралы ештеңе естіген жоқпын;</p> <p>д) басқа (жазыңыз)</p>
8	Сіздің ойыңызша, құқық қорғау және арнайы органдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және анықтау жөніндегі қызметі тиімді ме?	<p>а) иә/жоқ</p> <p>б) жауап беруге қиналамын</p>

9	<b>Сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы қайдан білесіз?</b>	а) БАҚ арқылы; б) айналадағы адамдардан; в) Интернет арқылы; г) биліктің сөйлеген сөздерінен; д) жеке тәжірибе; е) құқық қорғау және мемлекеттік органдардағы таныс қызметкерлерден; е) таныстардан, достардан, туыстардан; ж) ештеңе естімедім; з) басқа көздер (жазыңыз)
10	<b>Сіз БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы ақпаратты көрдіңіз бе (газеттердегі мақалалар, теледидардағы сюжеттер және т.б.)?</b>	иә/жоқ
11	<b>Сіздің ойыңызша, сыбайлас жемқорлар мен парақорлардың азаюы үшін не істеу керек?</b>	а) сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру бойынша халықпен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу; б) халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру; в) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы қатаңдату; г) құқық қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың қызметін арттыру; д) БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті кеңінен жариялау; е) бюджет қаражатының бөлінуін және жұмсалуды қатаң бақылау; е) басқа (жазыңыз)
12	<b>Сыбайлас жемқорлық Сіздің өміріңізге әсер ете ме?</b>	а) иә, әсер етеді; б) жоқ, әсер етпейді; в) аздап әсер етеді; г) жауап беруге қиналамын
13	<b>Біздің университетте сыбайлас жемқорлық бар деп ойлайсыз ба?</b>	иә/жоқ; жауап беруге қиналамын

14	Егер Сіз иә деп жауап берсеңіз, сіздің пікіріңіз неге негізделген?	толық жауап
15	Біздің университетте сыбайлас жемқорлық қандай жағдайларда жиі кездеседі?	толық жауап
16	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу анықталған жағдайда біздің университеттің сайтында орналастырылған Басқарма Төрағасы-Ректордың блогына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі басшысының блогына жүгінуге мүмкіндік бар екенін білесіз бе?	иә/жоқ
17	Сізге жеке өзіңіз немесе делдалдар арқылы оқытушыға заңсыз сыйақы (пара) беруге тура келді ме?	иә/жоқ; жауап беруге киналамын
18	Қандай оқу пәндері бойынша оқытушының еңбегіне ақшалай (немесе басқаша) ақы төлеуге тура келді? (Пәнді және оқытушының Т.А.Ә. көрсетіңіз)	толық жауап
19	Сіз оң баға алу үшін оқытушыға заңсыз сыйлықтар (мысалы, кітаптар, конфеттер, көлік қыз-	иә/жоқ; жауап беруге киналамын

	<b>меттері және т.б.) ұсыну (сыйға беру) қажет болатын жағдайға тап болдыңыз ба?</b>	
20	<b>Емтиханды немесе сынақты сәтті тапсыру үшін оқытушыға заңсыз сыйақы, оның ішінде белгілі бір ақшалай мәнде (сомада) төлеуге келісесіз бе?</b>	а) егер сома өте үлкен болмаса, келісемін; б) егер пән мен үшін өте қиын болса, келісемін; в) мен университетте диплом үшін ғана оқитындықтан, келісемін; г) келісемін, өйткені барлық жерде солай жасалады; д) білмеймін, бәрі жағдайға байланысты; е) келіспеймін, өйткені менде ондай көп ақша жоқ; ё) келіспеймін, өйткені бұл менің принциптеріме қайшы келеді; з) басқа (жазыңыз)
21	<b>Оқытушылар тарапынан заңсыз сыйақы (пара) бопсалауға қаншалықты жиі тап болдыңыз (қай факультеттер екенін көрсету керек)?</b>	а) аталған факультеттің оқытушылары менің тобымда сабақ өткізген жоқ; б) мұндай жағдайлар болған жоқ; в) семестрде 1 реттен аз; г) семестріне 1–2 рет; д) семестріне 2 реттен артық
22.	<b>Заңсыз сыйақы (пара) беру туралы ұсыныс кімнен жиі түседі деп ойлайсыз?</b>	а) студенттерден; б) оқытушылардан; в) бұған екі тарап та теңдей мүдделі; г) лаборанттардан; д) басқа (жазыңыз)
23	<b>Емтихан, сынақ тапсыру үшін қажетті соманың (заңсыз сыйақы, пара) мөлшерін білесіз бе?</b>	иә (сомасын көрсетіңіз); жоқ; жауап беруге қиналамын
24	<b>Жоғары оқу орнындағы сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептерін неден көресіз?</b>	а) артта қалған студенттер бәрінен бұрын қызығушылық танытады б) оқытушылардың төмен жалақысы в) барлығы белгілі бір дәрежеде қызығушылық танытады

		г) әлеуметтік себептер д) басқа (жазыңыз)
25	<b>Сіз университетте сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы әрекет етуге бағытталған қандай да бір іс-қимыл жасадыңыз ба?</b>	а) өз факультетімің деканатына өтінішпен жүгіндім; б) заңсыз сыйақы (пара) сұраған оқытушы жұмыс істейтін факультет деканатына өтінішпен жүгіндім; в) өз кафедраның меңгерушісіне жүгіндім; г) БАҚ-қа жүгіндім; д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құқық қорғау және уәкілетті органдарға жүгіндім; е) сенім телефонын, «жедел желіні», Басқарма Төрағасы-Ректордың блогын, университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі басшысының блогын пайдаландым; ё) ештеңе жасаған жоқпын, өйткені одан ештеңе өзгермейді деп есептеймін; ж) ештеңе жасаған жоқпын, өйткені мұндай жағдай менің көңілімнен шығады; з) басқа (жазыңыз)
26	<b>Сіздің ойыңызша, университет жүргізіп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар сыбайлас жемқорлықты азайтты ма?</b>	иә/жоқ
27	<b>Егер Сіз иә деп жауап берсеңіз, қайсылары екенін жазыңыз:</b>	иә/жоқ
28	<b>Осы іс-шаралардың, шаралардың тиімділігін бағалаңыз</b>	1,2,3,4,5
29	<b>Университетте аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара-</b>	а) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дәрістер оқылаты туралы білемін;

	лардың қайсысы жүзеге асырылуда?	<p>б) сенім телефоны туралы білемін;</p> <p>в) «жедел желі» туралы білемін;</p> <p>г) университет сайтындағы Басқарма Төрағасы-Ректордың блогы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі басшысының блогы туралы білемін;</p> <p>д) университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құрылғаны туралы білемін;</p> <p>е) Сіздің кафедраныз, деканат университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды түсіндіреді және өткізеді;</p> <p>ё) шаралардың ешқайсысы іске асырылмайды</p> <p>ж) басқа (жазыңыз)</p>
30	<b>Университетте және елде сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тап болған жағдайда қайда жүгіну керектігін білесіз бе?</b>	<p>иә/жоқ;</p> <p>жауап беруге қиналамын</p>
31	<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең тиімді іс-шараларды атап өтіңіз?</b>	<p>а) оқытушылардың жалақысын көтеру;</p> <p>б) жоғары оқу орнының білім алушылары мен қызметкерлерінің ақпараттандырылу деңгейін арттыру;</p> <p>в) университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру;</p> <p>г) университет әкімшілігі тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың сақталуына бақылауды күшейту;</p> <p>д) тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау, оның ішінде лауазымын төмендету немесе жоғары оқу орнынан жұмыстан шығару;</p> <p>е) сыбайлас жемқорлық жай-күйі мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жылдық мониторингі;</p> <p>ё) басқа</p>

32	<b>Жоғары оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қандай әдістері неғұрлым мақсатқа сай?</b>	а) сыбайлас жемқорлықпен экономикалық әдістермен күресу; б) сыбайлас жемқорлықпен этикалық әдістермен күресу; в) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушыларды жұмыстан шығару, лауазымын төмендету; г) қатаң «қылмыстық-құқықтық әдістер» д) сыбайлас жемқорлықпен күресудің пайдасы жоқ; е) басқа (жазыңыз)
33	<b>Университетте студенттердің құқықтары мен мүдделерін нақты кім қорғайды деп ойлайсыз?</b>	а) жастар ісі жөніндегі комитет; б) кәсіподақ ұйымы; в) деканат; г) кафедра; д) факультет кеңесі; е) ректорат; ё) оқытушылар; ж) студенттік ұйымдар; з) басқа (жазыңыз)
34	<b>Егер Сіз қажет деп санасаңыз, университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін өз пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды қосыңыз</b>	толық жауап

Сондай-ақ, осы сауалнамада оқу курсыңызды, факультетіңізді, оқу тіліңізді көрсетіңіз \_\_\_\_\_

---



---



---

**Жауаптарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз!**



## № 2 қосымша

### «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасы

*Құрметті студент! Оқу процесін жетілдіру мақсатында «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ректораты университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім беру қызметін бағалауға қатысты студенттерге сауалнама жүргізеді. Құпиялылық пен анонимділікке толық кепілдік беріледі. Нәтижелер тек жалпыланған түрде қолданылады.*

*Оқу пәндерін оқыту сапасын және оқытушылардың кәсіби шеберлігін зерделеу мақсатында ұсынылған сауалнаманың сұрақтарына жауап беруіңізді сұраймыз. Бұл сапалық қасиеттерді келесі шәкіл бойынша бағалаңыз:*

*5 балл — әрқашан көрінеді*

*4 балл — жиі көрінеді*

*3 балл — 50 %-ға көрінеді*

*2 балл — сирек көрінеді*

*1 балл — іс жүзінде жоқ*

*Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алдын ала алғыс айтамыз!*

№	Оқытушының оқу сабақтарын өткізу сапасын бағалау көрсеткіштерінің атауы	оқытушының Т.А.Ә. / пәннің атауы				
		1	2	3	4	5
1	Материалдың нақты және қол жетімді мазмұндалып жеткізілуі.					
2	Мазмұндауда логикалық бірізділіктің сақталуы					
3	Пәннің мазмұнына деген қызығушылықты ынталандыра білу					
4	Өз пәнінің мәнін білуі					
5	Сөйлеу мәдениеті және материалды ұсыну қарқыны					
6	Студенттерге құрметпен және мейірімділікпен қарау					
7	Бойына жоғары эрудицияны сіңіруі					
8	Баға қоюдағы объективтілік пен жүйелілік					

9	Аудиторияны белсенді қатысуға көтермелеу					
10	Сабақтар кезінде уақытты ұқыпты әрі тиімді пайдалану					
11	Сабақтан тыс уақытта оқытушының қол жетімділігі					
12	Студенттерге тексерілген жұмыстарды уақтылы қайтару					
13	Мінез-құлқымен, сыртқы түрімен өзін-өзі ұстай білуі					
14	<b>Оқытушы баға үшін қызмет көрсетуді талап ете ме (жауап — иә немесе жоқ)</b>					
15	Сізбен сабаққа бармайтын және өз күшімен балл алудың негізгі себебі (толық жауап).					
16	Оқытушылардың қайсысы сабақ өткізу кезінде сабақ өткізудің түрлі формаларын қолданады (топтық жұмыс, жеке сабақтар, пікірталастар, ойындар және т.б.). Пәнді және оқытушының ТАӘ атаңыз					
17	Сіздің ойыңызша, қандай оқытушының материалдарды ұсынуы қызықсыз, іш пыстыратын, сапасыз және бірсарынды (пәнді және оқытушының ТАӘ атаңыз)					
18	Оқытушыға Сіздің тілектеріңіз, ескертулеріңіз және ұсыныстарыңыз.					
19	Кафедраға Сіздің тілектеріңіз, ескертулеріңіз және ұсыныстарыңыз					
20	Деканатқа Сіздің тілектеріңіз, ескертулеріңіз және ұсыныстарыңыз					
21	Университет әкімшілігіне Сіздің тілектеріңіз, ескертулеріңіз және ұсыныстарыңыз					

Сондай-ақ, осы сауалнамада оқу курсыңызды, факультетіңізді, оқу тіліңізді көрсетіңіз. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Жауаптарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз!**